

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Тұтқын Даниял



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Jonathan Hay
Alastair Paterson

Бейімдеген: Mary-Anne S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Даниял мен оның үш досы Израилде тұрды.
Бір күні ұлы патша олардың отанына келіп,
барлық ақылды жас жігіттерді өз еліне алып
кетті. Патшаның есімі ұзақ еді –Набуходоносор,
ол Бабыл атты елде тұратын.



Бабылда жас адамдарға өте жақсы қарады. Патша әлемнің барлық елдерінен ақылды да ең жақсы жігіттерді тандап алған еді. Ол олардың өз қызметшілері болып, патшалықты басқаруға өзіне көмектесулері үшін оларға Бабыл тілін үйретуді жоспарлады.



3

Тамақ та дәмді болды. Жас адамдар патша не жесе, соны жеді. Бірақ Даниял мен оның достары сол тамақты жегілері келмеді, өйткені олар жалған тәңірлерге бағышталған еді. Даниял өзінің Құдайына қарсы ештеңе істемеуге уәде беріп қойған болатын. Израилдің Құдайы Өзінің халқына жалған тәңірлермен және пұттармен ортақ ештеңе болмауы керектігін бұйырған.




4

Даниял өзін оқытуға жауапты адамнан патшаның тамағын ішпеуге рұқсат сұрады. Егер патша мұны естіп қойса, ол өте қатты ашуланар еді. Бірақ Құдай сол адамды Даниялға оң көзімен қарайтын етті.



5

Ол Даниял мен оның үш досына сынақ ұйымдастыруға келісті. Он күн бойы олар тек көкөніс жеп, су ішті. Он күн өткен соң Даниял мен оның үш досы патшаның тамағын ішкен басқа жас адамдарға қарағанда әлдеқайда мықты көрінді. Сондықтан оларға бұдан кейін де көкөніс жеп, су ішуге рұқсат берді.




6

Бұл жас адамдар Құдайды құрметтеді. Құдай да оларды құрметтеді. Құдай оларға өздері үйреніп жатқан нәрседі білім мен дағды берді, ал Даниял барлық аяндар мен түстерді түсіну даналығын да иемденді.



7

Бабыл мектебіндегі үш жыл оқудан кейін барлық жас жігіттер Набуходоносорға таныстырылды. Ол Даниял мен оның үш досын барлығынан артық болғандықтан тандап алды. Шын мәнісінде патша Даниялдың даналығы өзінің патшалығындағы данышпандардан асып түсетінін байқады.



8

Бір күні түнде патша жаман түс көрді. Ол өзінің сиқыршыларын, жұлдызшылары мен абыздарын өзінің алдына шақырып алды.



9

Патша жауап беріп: «Жоқ! Сендер менің не түс көргенімді және оның мағынасын айтып беріңдер. Егер сендер соны істемейтін болсаңдар, өздеріңді бөлшектеп кесіп, үйлеріңді өртеп жібереді! Бірақ егер сендер маған түсімді және оның мағынасын айтып берсеңдер, –деп жалғастырды сөзін, –онда сый-сияпатқа, үлкен құрметке ие боласыңдар».

Әрине, данышпандардың ешқайсысы патшаға көрген түсін айтып бере алмады.



10

Патшаның данышпандары патшаға: «Жер бетінде сіз сұрап тұрған нәрсені істей алатын бірде-бір адам жоқ. Тек құдайлар ғана мұны істей алады, ал олар жер бетінде тұрмайды ғой», –деді. Патша қатты ыза болды. «Бабылдың барлық білімпаздарын құртыңдар!» –деп бұйырды ол.



11

Сақшылар Даниялға келген кезде, ол патша сақшыларының бастығы Ариокқа: «Патша неге барлық данышпандарды құртпақшы?» –деді. Даниял патшамен көрісуге барды. Ол патшаға көрген түсінің мағынасын айтып беру үшін сәл ұзағырақ уақыт беруін сұрады.



12

Сосын Даниял үйіне барып, барлығын өзінің достары Садырақ, Мисак, Әбдінеғоға айтып берді. Даниял оның не түс екенін және оның мағынасын білмеді, алайда ол бәрін білетін Біреуді білетін. Сол Біреу –Құдай. Сонымен Даниял мен оның достары сиынды.



13

Құдай Даниялға түсті көрсетіп, оның мағынасын айтып берді. Даниял көктегі Құдайға алғыс айтып: «Құдайдың аты мәңгілікке жарылқана берсін, өйткені даналық пен күдірет тек Оған ғана тиесілі!» –деді. Даниял патшаға барып оған: «Көкте

күпияларды ашатын Құдай бар», – деді. Ол патшаға түсінде не көргенін, оның мағынасы не екенін де айтып берді.



14

Набуходоносор патша түсті және оның мағынасын естіген кезде, Даниялын алдына құлап түсіп: «Шынымен де сенің Құдайың –құдайлардың Құдайы, патшалардың Әміршісі және құпияларды ашушы, өйткені сен осы құпияны аша алдың», –деді.



15

Сонда патша Даниялды ұлы адам етіп, оған көптеген үлкен сыйлықтар берді. Ол оны Бабылдың барлық облыстарының үстінен билеуші және Бабылдың барлық данышпандарының басшысы етіп қойды.



16

Тұтқын Даниял

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Даниял 1-2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

17



31

60

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

19